

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Мен - логопед маманымын!

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.05.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/121156/>

Танкеева Гулим Ерболовна

### Мен — логопед маманымын!

Логопед мамандығын таңдап еңбек еткеніме көп уақыт өткен жоқ. Соның ішінде жас ерекшеліктері аралас сөйлеу тілі бұзылған балалармен жұмыс атқарудамын. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, әр баланың бойынан жақсылық тауып, тілін дамыту ,бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Неге бұл мамандықты таңдадым? Мүмкін анам және үлкен әпкем мен ағаларым ұстаз болғандықтан шығар? Бала кезімнен ұстаздық тәрбие көргендігімнен болар? Осы кезге дейін көрген білгенім мен ойға түйгенім мамандығымның ерекшелігі.

Логопед маман-тіл ақауы бар және сөйлеу тілінде бұзылуы бар балаларды тәрбиелеу, оларға өзіне деген сенімділік сезімін тәрбиелеу.

Бұл балалар басқа балалар сияқты емін еркін жүре алмайды. Көбінесе тұйық, ұялшақ, сенімсіз, көмекті қажет ететін балалар. Менің мамандығымның ерекшелігі, балаларға көмек бергенде тек стандартқа байланысты жұмыс емес, сонымен қатар әр баланың ерекшелігіне байланысты және көмекті қажет ететін балаларға өзіндік кілт табу.

Балаларда тіл кемістіктің пайда болуы. Біздің әлеуметтік өмірде ата- аналарымыз қателіктері деуге болады. Ата аналар өздері де оны байқамайды. Үй тіршілігінде бала мазасын алса, ата ана көбінде планшет, ұялы телефон немесе интернетегі жасқа сай емес мультфильмді қосып беріп, уақыт шектеуліктерін қоймайды. Әрине заманауи заттарды пайдаланған дұрыс, бірақ баланың тілінің дұрыс дамымауына әсерін тигізеді.

Менің ойымша бұл кемістіктерді жоюға болады. Тек оны логопед маманы ғана емес, сондай-ақ, ата ана мен бірге бірлесіп жасалған жұмыс, нәтижесіз береді деп ойлаймын.

Шешу жолдарын айтатын болсақ: Жаңа технологияны алатын болсақ. Ол әрине

интерактивтік тақта, магнитофон арқылы жұмыс, микрофонмен қайталау сияқты т.б . Осы аталған заттарды пайдалана отырып мен жеке жұмыс дыбыстық ойын түрлерін, сурет бойынша әңгімелеу , ұсақ моторика ойындары, жаттамақтар, таппақтар өте тиімді деп санаймын.

Бұл міндетті орындау үшін, баланың ұйымдастырылған

оқу қызметіне қызығушылығын арттырып, тәрбиелеу мен оқытудың көптеген жаңа әдіс- тәсілдерін алып, өз іс- тәжірибемде ұтымды пайдалана білуге тырысамын.

Қазақ тілінің мемлекеттік статус алуына байланысты Қазақстан Республикасының білім беру саласында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылды. Соның бірі -әр түрлі тіл кемістігі бар балалардың ана тілінде оқыту мәселелері. Қазіргі кезеңде тілінде кемістігі бар балаларды мектеп жасына дейінгі арнайы балабақшамызда, топтарда тәрбиелеу оқыту жұмыстары қолға алынған. Балаларды тәрбиелеу және оқытудағы жұмыстар олардың жалпы сөйлеу мүмкүндіктері ескеріле отырып, жалпы балабақшалардың бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Мысалы :бағдарламада «Дыбыстардың айтылуы қалыптастыру», «Фонетикалық есту қабілетін жетілдіру», «Сауат ашу» ,«Байланыстырып сөйлеу» сияқты жаңа бөлімдері.

**ЛОГОПЕД** деген сөздің әр әріпінің мен үшін өзіндік мағынасы бар:

Л-Любовь-Махаббат Балаларға деген махаббат. Балаларға деген махаббатсыз жұмыстың нәтижесі болмайды.

О- Ответственность – Жауапкершілік. Баланың болашағы біздің қолымызда.

Г-Гордость- Мамандыққа деген мақтаныш. Балалармен бірге жүргізілген жұмысымның қортыңдысын көргенде , мен үшін және бала үшін жеңіс.

О-Образованность -Білімділік . Балаға білім беру үшін ұстаз өзінің білімін жетілдіру тиіс.

П-Положительные эмоции -Жағымды әсер . Күнделікті баламен қарым-қатынас ұстазға да балаға да жағымды әсер.

Е-Единство- Бірлік. Логопед пен Ата-ана қарым- қатынасы . Көп жағдайда ата- аналар баласының даму заңдылығын түсінбейді және мәселенің шешу жолдарынын білмегендігі. Логопед пен Ата-ананың тығыз қарым- қатынасымен ғана нәтижесі болады.

Д-Достижение- Жетістікке жету. Баланың таза ,дұрыс сөйлеуі-ол атқарылған жұмысымның нәтижесі деп есептеймін. Ол баланың өз ойын дұрыс айту, сюжетті суреттерді өз бетімен әңгімелеу. Оқылған ертегілерді жас шамасына сай қайталап беру.

Әр баламен жасаған жұмысымның нәтижесін көргенде, мен өз мақсатыма жетім деп

санаймын, және таңдаған мамандығымды мақтан тұтамын.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.